



Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешінің бос лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру

Байқаудың басталу күні: 2025 жылғы 5 ақпанынан
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай қаласы
білім бөлімінің № 12 бөбекжайы" КМҚК: Қазақстан Республикасы,

Қостанай облысы, Дружба кенті, Молодежная көшесі, 14,
декреттік демалыс уақытына мектепке дейінгі тәрбие және
оқыту тәрбиешісі бос лауазымына орналасуға конкурс
жариялайды (қазақ тілінде оқытатын топқа 1 бірлік)

2) Лауазымдық жалақысы (180 000 теңгеден бастап) итат
кестесіне сәйкес 1,25 ставка

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті бейін бойынша
жоғары педагогикалық (мектепке дейінгі) немесе кәсіптік білім;
Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын,
Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, "Білім туралы",
"Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын және білім
беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын
айқындайтын Қазақстан Республикасының басқа да
нормативтік құқықтық актілерін;

Психология және педагогика, алғашқы дәрігерге дейінгі
медициналық көмек көрсету қағидалары, еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар, санитариялық қағидалар;
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру жөніндегі
нормативтік – құқықтық құжаттар.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: 2025 жылғы 5 ақпаннан бастап
Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар ресми сайтта
<https://sad12.edu.kz/> конкурс өткізу туралы хабарландыру
жарияланған сәттен бастап 7 жұмыс күні ішінде ұсынылуға тиіс





Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- 1) қосымшаларға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке парақ (нақты тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефондары көрсетілген – Бар болса);
- 4) педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген);
- 7) психикалық мінез-құлық бұзылыстары бар науқастарды динамикалық байқаудың жоқтығы туралы анықтама;
- 8) наркологиялық науқастарды динамикалық байқаудың жоқтығы туралы анықтама;
- 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
- 10) 17,18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.
- 11) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқудан ұсыным хат. Кандидат болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері) ұсынады.

Анықтама телефоны: 25-88-15;

Электрондық пошта: sad12@kst-goo.kz

